

Тапсырма. Берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Әл-Кайда», «Абсат әл-Ансар» «Ал-Жиһад», «Жәмағат әл-Ислами», «әл-Ихуан әл-муслимин» «Хизб-ут-тахрир әл-Ислами», «Тәибә», «Жамағати-Ислами» бұл қандай ұйымдар? Әлемнің қандай аймақтарында таралған ұйымдар?
2. Не себептен лаңкестік адамзаттың ең қауіпті қоғамдық-саяси және моральдік мәселелердің бірі болып саналады?
3. Лаңкестіктің өсуіне қандай факторлар әсерін тигізеді? Не себептен?
4. Лаңкестікке қарсы алдын алу шараларын атаңыз. Осы шаралардың мағынасын қалай түсінесіздер? Өз ойыңызды дәлелдеңіз.
5. Не себептен Орталық Азияда лаңкестікке қарсы орталық құрылды?

Лаңкестік деген не?

Лаңкестік — саяси-әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет. Терроризм, кең мағынада, әдейі террор, қорқыныш сияқты зорлық – зомбылық құралдарын саяси, діни және идеологиялық мақсаттарға жету үшін қолдану.

Лаңкестік ұғымы — гректің «terror» сөзінен шыққан, «үрейлі» (страх, паника) «қорқынышты» деген түпнұсқаны айтады.

Қазіргі таңда дүниеде 500-ге жуық лаңкестік ұйым бой көрсетуде. Олардың саяси, діни бағыты, әлеуметтік және этникалық құрамы, шабуылдау дәрежесі бойынша ең үлкендері мыналар: «әл-Кайда», «Абсат әл-Ансар» (Ливан), «Ал-Жиһад», «Жәмағат әл-Ислами», «әл-Ихуан әл- муслимин» (Мысыр), «Хизб-ут-тахрир әл-Ислами», «Тәибә», «Жамағати-Ислами» (Пәкістан).

Қазіргі уақытта лаңкестік даму, таралу қарқыны мен салдары жағынан адамзаттың ең қауіпті қоғамдық-саяси және моральдік мәселелердің біріне айналып отыр. Лаңкестердің ядролық, бактериологиялық, химиялық уытты қаруларды қолдану мүмкіндігі ғаламдық қауіпсіздікке үлкен қатер туғызуда. Лаңкестік мемлекеттің идеологиялық-құқықтық жүйесі қоғамның күрделі әлеуметтік-саяси процестерін реттеуге қабілетсіз болуына байланысты пайда болады.

Лаңкестіктің өсуіне мынадай факторлар әсер етеді: саяси-әлеуметтік және экономикалық дағдарыс, халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі мен жұмыссыздықтың өсуі, ұлттық және діни қайшылықтардың шиеленісуі.

Лаңкестікке қарсы алдын алу шараларының қатарына:

1. қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылығын, азаматтардың экономикалық, саяси, ұлттық, діни, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету;
2. адам құқығы жөніндегі мемлекеттік органдар мен қоғамдық органдардың жұмысын жетілдіру;
3. қоғамда жоғары саяси және құқықтық мәдениет қалыптастыру;
4. қару-жарақ нарығында, соның ішінде жаппай қырып-жою құралдарына мемлекеттік және халықаралық бақылау жасау.

Дүниежүзілік қауымдастық Лаңкестікке қарсы бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттар қабылдады:

- 1) Әуе кемелеріне жасалған қылмыстық және басқа да әрекеттер туралы конвенция (1963);
- 2) Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенция (1971);
- 3) Лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес туралы конвенция (1999).

1994 ж. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 49- сессиясында қабылданған «Халықаралық лаңкестікті жою шаралары туралы» декларацияда Лаңкестікпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық шаралары белгіленді.

ТМД мемлекеттері арасында көпжақты келісімдер жасалып, Лаңкестікке қарсы орталық құрылды (2000). Орта Азия мемлекеттері 2000 ж. Ташкентте қ. өткен саммитте «Лаңкестікпен, саяси және діни экстремизммен, трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен, тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басқа да қатерімен күресте бірлескен іс-әрекет туралы»

келісімге қол қойды. Сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде халықар. Лаңкестікпен және экстремизммен күрес шаралары белгіленген.

Ал аймақтық қауіпсіздік қазіргі таңдағы ең кең тараған құбылыс. Біз оны Еуропаның мысалында, ШЫҰ –ның мысалында (Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы), ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымның (ОДКБ -Организация Договора о коллективной безопасности) –мысалында көре аламыз.

ШЫҰ – ның мысалында аймақтық қауіпсіздікті айтып кететін болсам, ол негізінен осы ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты. ШЫҰның көптеген құжаттарында Ауған мен Азия Тынық мұхиты аймақтарын тұрақтылық пен тыныштықта сақтау. Осыған сүйене отырып жасалатын ШЫҰ өзінің мүшелерінің қауіпсіздігі үшін Орталық Азиядағы болып жатқан жағдайларға қатысуға мүдделі. Аймақтың қауіпсіздігінің негізгі бағытталған сфералары: экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық, әскери, мәдени және ақпараттық.

Экономикалық мәселе барлық мәселелердің негізі болып табылады: аймақтағы мемлекеттердің үлкен сыртқы қарыздары, капиталдың шығып кетуі, мемлекеттің бюджеттің дефицитінің көбеюі. Аймақтық қауіпсіздіктің әлеуметтік мәселелеріне тоқталатын болсам: қоғамның люмпенизациялануы мен поляризациялануы, өмір сүру деңгейінің түсуі, жастардың арасындағы наркоманияның өсуі, трансұлттық ұйымдасқан қылмыскерлік, ішкі және сыртқы миграция, тұрғындардың білімінің, мәдениетінің төмен түсуі, тұрғындардың көбеюі және төмен өмір сүру деңгейі, мемлекеттік билік орындарындағы жемқорлық.

Экологиялық мәселелер, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан және Тәжікстан арасындағы су мәселесі.

Саяси жағынан алып қарастыратын болсақ: мемлекеттің басқарушысына деген теріс көз қарастар, ұлттық қақтығыстар, діни қақтығыстар, исламдық экстремизм.

Орталық Азия аймағы қауіпсіздікті көп қамтамасыз ететін аймақ болып саналады. Себебі халықаралық терроризм, діни экстремизм және этно-ұлттық сепаратизм, ұйымдасқан қылмыспен, заңсыз есірткі тасымасы Орталық Азияда көп көрініс табады. Сонымен қатар тағы себептерінің бірі болып Ауғаныстан болып табылады. Тәжікстанда Өзбекстанда террорлық актілер көп көрініс алатын мемлекет болып саналады, бірақ соңғы кезде Қазақстан да террорлық актілер көп болатын мемлекеттер қатарына кіру қауіпінде. Осы терроризм мәселесіне шешу үшін, Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ШЫҰ, ҰҚШҰ секілді ұйымдар жұмыс атқаруда.

Орталық Азиядағы басты террорлық күштеріне Өзбекістандағы «Исламдық қозғалыс», Қазақстанда - «Хизб ут-Тахир аль-Ислам» «Мұсылмандық-ағайындар», Қырғызстанда «Исламды дамыту орталығы» жатады. Бұл ұйымдардың басты мақсаты-сепаратистік және радикалдық фундаментал насихат идеясы. Ең басты ескеретін жайт, көп террористтік ұйымдар халықаралық есірткімен тығыз байланыста болады. Бұл да үлкен проблемалардың біріне саналады. 1994 ж бастап қазірге дейін Орталық Азияда үлкен террорлық қылмыстар көп болуда. Мысалы, 1994ж. Душанбе аэропортында екі әскери қызметкерлері өлтірілді, Душанбеде террористтер Ресейдің гранотометпен автобусына оқ жаудырды. Террористтер біріккен Таджик-британдық алтын кенге шапқыншылық жасап, төрт қызметкерді ұрлап кетті, оның арасында Британдық азаматта болған. Ал 1999 жылы Ташкент қаласының ортасында бес автокөлік жарылысы болды.

Лаңкестік – дүниежүзі бойынша барлық мемлекеттерді толғандырып, үрейлендіріп отырған ортақ мәселелердің бірі. Әлем бойынша өмір сүріп отырған лаңкестік ұйымдар адам өмірі үшін өте қауіпті. Кез келген мемлекеттің басты құндылығы, байлығы болып табылатын адам өмірі, оны алуға жаратушыдан басқа ешкімнің құқығы жоқ. Лаңкестіктің кесірінен қаншама жанұяның шаңырағы ортаға түсті, қанша жанұя әкесіз, анасыз, баласыз қалды. Сондықтан лаңкестікпен күресте ұлтқа, дінге, аққа, қараға бөлінбей, болашақтағы балаларымыздың тыныш өмірі үшін бәріміз күш жұмылдыра күресуіміз керек.

Қолданған сілтемелер:

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-Х
2. <http://kazorta.org/la-kestik-ymy/> Лаңкестік ұғымы